

Мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2014 - 2018 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 567 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы № 131 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.03.2016 № 131 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2014 – 2018 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

1) Орталық атқарушы органдар, сондай-ақ Кешенді жоспардың орындалуына жауапты мүдделі ұйымдар:

2) Кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

3) жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 5 қаңтардан және 5 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

28

мамырдағы

№

567

қаулысымен

мақұлданған

Мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2014 – 2018 жылдарға арналған кешенді жоспар

Р/с №	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Өңір	Орындау мерзімі	Болжа
						2014
1	2	3	4	5	6	7

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру жүйесін жетілдіру

1	Учаскенің перспективалылығын алдын ала бағалауды негізге ала отырып, жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша конкурстар өткізу	Конкурстар өткізу	ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)		2014 – 2018 жж.	
2	Қазақстан Республикасында индустриялық-инновациялық мұнай-газ жобаларын іске асыру бойынша міндеттелерді қабылдау шарттарында теңіздегі және стратегиялық маңызы бар учаскелерге жер қойнауын пайдалану құқығын беру мәселесін пысықтау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИЖТМ, ЭБЖМ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)		2014 – 2018 жж.	

Қазақстан Республикасының мұнай-газ өнеркәсібін дамыту

3	Қашаған кен орнында тұрақты жұмыс режиміне шығу, коммерциялық өндіруге қол жеткізу және 1-кезең шеңберінде өндіруді өрістету	МГМ-ге ақпарат	PSA» ЖШС (келісім бойынша)	Атырау облысы	2015 – 2016 жж. *	
4	Қарашығанақ кен орнын болашақ кеңейту жобасын дайындау	МГМ-ге ақпарат	«PSA» ЖШС (келісім бойынша)	Батыс Қазақстан облысы	2014 – 2022 жж.	9435
5	Ұлттық мүдделерді ескере отырып, 2007 жылғы 31 мамырдағы Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг пен «КазРосГаз» арасындағы келісімге 2037 жылға дейін қосымша келісім жасасу	Келісімге қол қою	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «PSA» ЖШС (келісім бойынша)		2014 ж. соңына дейін	
6	Сағалық қысымды басқару жобасын іске асыру / кейіннен жылдық мұнай өндіруді 2020 жылға қарай 35 млн. тоннаға дейін ұлғайта отырып, ТШО-ны болашақ кеңейту жобасы	МГМ-ге ақпарат	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	2014 – 2019 жж.	555000
	«Еуразия» жобасын іске асыру: мынадай төрт кезенді іске асыратын Каспий маңы ойпатындағы мұнай-газды қаттардың перспективаларын зерттеу мәселесін пысықтау: 1) жобаны іске асыру					

7	жөніндегі халықаралық консорциум құру; 2) өткен жылдардың геологиялық геофизикалық материалдарын өңдеу; 3) ауқымды геофизикалық зерттеулер жүргізуді қамтитын өңірлік геологиялық геофизикалық зерттеулер; 4) 1-Каспий тірек-параметрлік ұңғымасын бұрғылау	МГМ-ге ақпарат	ИЖТМ, ЭБЖМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	Атырау, Маңғыстау облыстары	2014 – 2020 жж.	
8	Газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірлеу	Тұжырымдаманы бекіту	МГМ, «ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)		2014 ж. IV тоқсан	
9	Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын бекіту	МГМ-ге ақпарат	«ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)		2014 ж. шілде	
10	Халықты газдандыру деңгейінің өсуі (024 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне газ тасымалдау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде)	Халықтың газдандыру деңгейін арттыру	МГМ	Алматы к., Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Жамбыл облыстары	Жыл сайын	17272, 637
Тасымалдау жобаларын жоспарлы іске асыру						
11	Қазақстан-Қытай мұнай құбырының жобаларын іске асыру	МГМ-ге ақпарат	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Алматы облыстары	2018 ж.**	
12	Каспий құбыр консорциумын кеңейту жобасын іске асыру	МГМ-ге ақпарат	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (келісім бойынша)	Атырау облысы	2015 ж. ** *	
13	«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырын салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)	Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары	2015 ж. желтоқсан	128328
14		МГМ-ге ақпарат		Оңтүстік Қазақстан,		

	«Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының қуатын ұлғайту		«ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)	Жамбыл, Алматы облыстары	2015 ж. желтоқсан	253612 *** *
Мұнай өңдеу кешенін дамыту						
15	Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнайды терең өңдеу кешенін салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ (келісім бойынша)	«Атырау облысы	2011 – 2016 жж.	124428
16	Шымкент мұнай өңдеу зауытын реконструкциялау және жаңғырту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ (келісім бойынша)	«Оңтүстік Қазақстан облысы	2011 – 2016 жж.	33663
17	Павлодар мұнай-химия зауытын реконструкциялау және жаңғырту	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазМұнайГаз-өңдеу-маркетинг» АҚ (келісім бойынша)	«Павлодар облысы	2011 – 2016 жж.	10332,
Мұнай-химия өнеркәсібінің жаңа өндірістік секторларын қалыптастыру						
18	Атырау мұнай өңдеу зауытында хош иісті көмірсутектер (бензол, параксилол) өндіру кешенін салу	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «ҚазМұнайГаз-өңдеу және маркетинг» АҚ (келісім бойынша)	«Атырау облысы	2014 ж. IV тоқсан	52487
19	Интеграцияланған газ-химия кешенін салу (бірінші фаза-полипропилен)	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Біріккен химиялық компания» ЖШС (келісім бойынша)	«Атырау облысы	2017 ж. IV тоқсан	
20	Интеграцияланған газ-химия кешенін салу (екінші фаза-полиэтилен)	Пайдалануға беру	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Біріккен химиялық компания» ЖШС (келісім бойынша)	«Атырау облысы	2018 ж. IV тоқсан	

21	Атырау облысында полимерлі өнім өндіру	МГМ-ге ақпарат	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша), «Біріккен химиялық компания» ЖШС (келісім бойынша)	Атырау облысы	2015 ж. IV тоқсан	9148,3
Мұнай-газ секторының нормативтік-техникалық базасын жетілдіру						
22	Еуразия экономикалық одағының техникалық регламенттерін әзірлеу	Еуразия экономикалық одағының шешімдері	МГМ, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар		2014 – 2018 жж.	
23	Тығыздалған және сұйытылған табиғи газды тасымалдау, сақтау және өткізу үшін стандарттау бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу	ҚР - ның бекітілген алдын ала ұлттық стандарттары (АСТ)	МГМ, «ҚазТрансГаз» АҚ (келісім бойынша)		2014 ж. IV тоқсан	
Халықаралық ынтымақтастық						
24	Энергетикалық хартия бойынша конференцияның 25-ші сессиясын өткізу мәселесін пысықтау	ҚР Үкіметіне ақпарат	МГМ	Астана қ.	2014 ж. 20 желтоқсан	

Е с к е р т п е :

* Іске қосуды бұзудың негізгі себебі – Қашағанның 28 дюймдық құбырлары тұтастығының бұзылуы. Жоба операторы (НКОК) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын аяқтаудың болжамды мерзімдері – 2016 жылдың ортасы болатынын хабарлады. СКЖ Мердігері Қашағанды Игеру Жоспары мен Бюджетіне түзетулерді ұсынып, оларды Басқарушы комитет бекіткеннен кейін нақтыланған деректер жіберілетін болады.

** Мерзімдер жеткілікті ұзақ мерзімді ресурстық базаның болуына және ішкі нарықтың қажеттіліктеріне байланысты; жобаның құнын нақтылану сатысында.

*** Инвестициялардың игерудің мерзімдері мен көлемі КҚК-та бұғаттаушы топтамасы бар Ресей тарапының ақпаратына сәйкес нақтылынатын болады.

**** Қытай Даму Банкінің 2,6 млрд. АҚШ долл. қарыз қаражаты есебінен қ а р ж ы л а н д ы р у .

***** «Азия газ құбыры» ЖШС алдын ала деректері («ҚазТрансГаз» АҚ

Инвестициялық комитетінің 2014 ж. 17.02. № 1 хаттамасы).

***** ЖСҚ нәтижесі бойынша нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа
технологиялар министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК